

## Банк конгломераттарының 2008 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы жай-күйі

Қазақстанда 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құрамына Қазақстан Республикасының 14 банкі кіретін 13 банк конгломераттары жұмыс істейді.

Банк конгломератының аталуы	Банк конгломераты мүшелерінің саны						Барлығы
	Банк тер	Сақтандыру ұйымдары	Құнды қағаздар нарығында қызмет ететін ұйымдар	Зейнетақы нарығында қызмет ететін ұйымдар	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар	Қаржылық емес ұйымдар	
"БТА Банк" АҚ	8	5	10	1	3	-	27
"Казкоммерцбанк" АҚ	4	2	8	2	-	2	18
"Альянс Банк" АҚ	2	1	4	-	1	8	16
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	3	3	5	1	-	8	20
"АТФБанк" АҚ	4	1	1	1	-	-	7
"Банк ЦентрКредит" АҚ	1	-	3	1	-	1	6
"Нурбанк" АҚ	1	1	2	2	-	2	8
"Банк "Каспийский" АҚ	1	1	1	-	-	-	3
"Евразийский Банк" АҚ	1	1	2	2	-	25	31
"Цеснабанк" АҚ	1	-	1	-	-	25	27
"ЭКСИМБАНК КАЗАХСТАН" АҚ	1	-	-	-	-	11	12
"Сеним-Банк" АҚ	1	-	-	-	-	1	2
"Казинкомбанк" АҚ	1	-	-	-	-	3	4
<b>Барлығы</b>	<b>29</b>	<b>15</b>	<b>37</b>	<b>10</b>	<b>4</b>	<b>86</b>	<b>181</b>

**Капитал.** Банк конгломераттарының жиынтық баланстық меншікті капиталы 01.01.07 жылдан 555,6 млрд. теңгеге немесе 36,8%-ға ұлғайып, 1 қаңтарда 1 508 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталының құрылымы мен өзгеруі	01.01.07		01.01.08		Өсімі %
	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	
Меншікті капитал, барлығы	952,4	100	1 508,0	100	36,8
Жарғылық капитал	212,4	22,3	533,6	35,4	60,2
Бөлінбеген пайда	378,9	39,8	585,1	38,8	35,2
Өзге капитал	360,7	37,9	389,3	25,8	7,3

Банк конгломераттарының жиынтық есептік меншікті капиталы 01.01.07 жылдан 629,8 млрд. теңгеге немесе 51,5%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 қаңтарда 1 852 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының капитал жеткіліктілігінің жиынтық көрсеткіші есепті күнде  $k = 0,135$  болды, бұл өткен есепті кезеңдегі көрсеткіштен 9,3%-ға (01.01.07ж.:  $k = 0,149$ ) төмен.

Жиынтық меншікті капитал құрылымының 35,4%-ы (01.01.07ж. – 22,3%) жарғылық капиталдың үлесіне тиеді. Бөлінбеген пайданың жиынтық


көлемі 01.01.2007 жылдан 60,2%ға ұлғайып және банк конгломераттарының меншікті капиталының 38,8%-ын (01.01.07ж. – 39,8%) құрады. Өзге капитал үлесіне меншікті капиталдың жиынтық шамасының 25,8%-ы келеді, бұл 01.01.07 жылдағы ұқсас көрсеткіштен 12,1%-ға (01.01.07ж. – 37,9%) аз.

**Активтер.** 2007 жылы банк конгломераттарының активтері 2 941,8 млрд.теңгеге (33,4%) ұлғайды да, есепті күнде 11 750,1 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының жиынтық активтерінің құрылымы мен өзгеруі	01.01.07		01.01.08		Өсімі %
	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	
Активтер, барлығы	8 808,2	100	11 750,1	100	33,4
Ақшалай қаражат	926,4	10,5	904,8	7,7	- 2,33
Бағалы қағаздар	859,7	9,8	345,5	2,9	-59,8
Берілген займдар	5 726,3	65,0	8 597,0	73,2	50,13
Басқа активтер	1 266,5	14,4	1 902,8	16,2	50,24

Банк конгломераттарының активтер құрылымындағы барынша көп үлесті банк займдары алады – 73,2% (01.01.2007ж. жағдай бойынша – 65,0%), ақшалай қаражат үлесі – 7,7% (01.01.07ж. – 10,5%), бағалы қағаздар портфелі – 2,9% (01.01.07ж. – 9,8%), басқа активтер үлесі – 16,2% (01.01.07ж. – 14,4%) құрады.

Жиынтық активтердің ұлғаюы банк конгломераттарындағы ақша қаражатының және берілген займдардың көбеюіне байланысты болып келеді.



Банк конгломераттарының жиынтық активтері 81,9%-ға банк секторының активтерінен тұрады. Банк конгломераттарының бағалы қағаздар рыногында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға тиесілі активтерінің үлесі 12,74%-ды құрайды, банк конгломераты активтерінің үлесі қаржылық емес секторға 3,4%-дан, сақтандыру секторына – 0,9%-дан келеді.

### Үш ірі банк конгломераттары бойынша концентрация.

Қазақстанда 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 ең ірі банк конгломераттарының активтері 7 665,6 млрд.теңге немесе банк конгломераттарының жиынтық активтерінен 65,0% құрады, міндеттемелер 6 721,4 млрд.теңге немесе банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінен 65,6% құрады, жиынтық меншікті капитал 944,2 млрд.теңге немесе банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталының 62,6% құрады.


Банк Конгломераттары жиынтық көрсеткіштеріндегі үлесі	01.01.07		01.01.08	
	млрд.теңге	үлесі, %	млрд.теңге	үлесі, %
Үш ең ірі банк	5 514,0	63,21	7 665,6	65,0

<b>конгломераттарының активтері</b>				
"БТА Банк" АҚ	2 075,1	23,6	3 064,6	26,0
"Казкоммерцбанк" АҚ	2 445,3	27,8	2 997,2	25,5
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	993,6	11,3	1 603,7	13,5
<b>Үш ең ірі банк конгломераттарының міндеттемелері</b>				
"БТА Банк" АҚ	1 880,5	23,9	2 612,6	25,5
"Казкоммерцбанк" АҚ	2 180,3	27,8	2 676,9	26,1
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	809,1	10,3	1 431,8	13,9
<b>Үш ең ірі банк конгломераттарының меншікті капиталы</b>				
"БТА Банк" АҚ	194,6	20,4	452,0	30,0
"Казкоммерцбанк" АҚ	264,9	27,8	320,3	21,2
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	184,5	19,4	171,9	11,4

**Міндеттемелер.** Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелері 2007 жылы 2 386,8 млрд.теңгеге (30,4%) өсіп, 10 242,2 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы мен өзгеруі	01.01.07		01.01.08		Өсімі %
	Сомасы, млрд.теңге	Жиынтығы %	Сомасы, млрд.теңге	Жиынтығы %	
Міндеттемелер, барлығы	7 855,2	100	10 242,0	100	30,4
Клиенттердің қаражаты	2 793,5	35,6	3 680,3	35,9	31,7
Шығарылған бағалы қағаздар	1 781,1	22,7	2 847,9	27,8	59,9
Алынған займдар	2 667,8	34,0	2 894,3	28,3	8,5
Өзге міндеттемелер	612,7	7,8	819,5	8,0	33,7

Банк конгломераттары міндеттемелерінің құрылымындағы мейлінше көп үлесті – 35,9%-ды 2007 жылда 31,7%-ға өскен клиенттердің салымдары мен шоттары алады, шығарылған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер үлесі – 27,8% (01.01.07ж. – 22,7%), алынған займдар үлесі – 28,3% (01.01.07ж. – 34,0%) құрайды.



**Кірістілік.** Банк конгломераттарының 2007 жылы алған таза пайдасы 420,3 млрд.теңгені құрады, бұл 01.01.07 жылдың ұқсас көрсеткішінен 193,7 млрд.теңгеге немесе 85,48%-ға көп. Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 3,58% болса, табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 27,8% болды.